

Е.Е.Хайдаров, тарих ғылымдарының кандидаты

Д.Н.Наурызбаева, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

БҚАШИ-ДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Аннотация

Мақалада БҚАШИ-дың алғашқы құрылу тарихы мен қызметі зерделенген.

Түйін сөздер: Ауылшаруашық институты, ректор, профессор-оқытушылар құрамы, кафедралар, факультеттер.

XX-ғасырдың 60-ыншы жылдарының басындағы тың және тыңайған жерлерді игеруден кейінгі Қазақстанның ауыл шаруашылық өндірісінің қарқындап дамуы және Батыс Қазақстанның бес облысының ұлан-ғайыр даласының ауыл шаруашылық өндірісін тиімді ұйымдастыру қажеттілігі саланы сәйкесінше кадрлық және ғылыми жағынан қамтуды талап етті. Орал облысының бұл мерзімде жоғары ауыл шаруашылық білімді жетекшілер және мамандармен қамтылу қажеттілігі 30%-ды ғана қанағаттандырылса, ал Батыс Қазақстанның басқа облыстары бойынша бұл көрсеткіш 15-20% болды. Бұл мәселені Одақтың басқа республикаларынан мамандар шақыру арқылы шешу көптеген қиындықтар келтірді. Шақырылғандардың көпшілігі өңірдің ауыл шаруашылығын жүргізу ерекшеліктерімен таныс болмай шықты және көп жағдайда тұрақтап қалуды көздемеді. Сондықтан еліміздің басшылығымен Орал қаласында салалық ауыл шаруашылық институтын ашу жөнінде стратегиялық дұрыс шешім қабылданды.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1963 жылдың 19 шілдесіндегі №571 қаулысы мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 9.08.63 ж. №304-К Орал қаласында Ауыл шаруашылық институтын ашу жөніндегі қаулысын жүзеге асыру мақсатында құрылған комиссияның төрағасы, бұрынғы Қазақстан Компартиясы Орал облыстық партия комитетінің хатшысы, қазіргі таңда БҚО әкімінің кеңесшісі, ардагер, экономика ғылымдарының кандидаты Бисен Жұмағалиев және комиссия төрағасының орынбасары Есім Сәрсенов және тағы да өзге тұлғалардың білім ордасының алғашқы қадамдарында алар орны зор [1].

Жоғарыда аталған Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен институт ректоры болып, Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, ВАСХНИЛ-дің корреспондент мүшесі, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерінің кавалері Держинский Александр Яковлевич (бұрынғы Алматы зооветеринарлық институтының ректоры) сайланды. Әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректор болып Кульпин Павел Иванович тағайындалды. Мемлекеттік есептеу органдарына институт қызметі туралы есеп ұсыну үшін Қазақ ССР АШМ-нің (министр А.Елеманов) 10.08.1963 ж. №305-к бұйрығымен 1963 жылы 10 тамызда бухгалтерия құрылды, барлық қаржы құжаттарына екінші қол қою құқығымен жаңа жоғары оқу орнының бас бухгалтері болып Тен Сенчер Киринович (1963-1978) тағайындалды. Ол кадрларды іріктеу және есеп бөлімін ұйымдастыру жұмысына басшылық жасады. Олар институттың алғашқы ұйымдастырушылары және жетекшілері болды, олардың күшімен қысқа мерзімде оқу-қосалқы ғимараттарын

даярлау, талапкерлерді қабылдау, кафедраларды ұйымдастыру, оқытушылар, әкімшілік, оқу-қосалқы және қызмет көрсететін құрамды таңдау бойынша кең көлемді ұйымдастыру және әкімшілік жұмыстары жүргізілді.

Институт бойынша алғашқы бұйрықтардың бірі болып –қабылдау комиссиясының құрамы бекітілді. Оның құрамына – Е.К.Физзатов (жауапты хатшы), А.У.Өтегенов, О.И.Савенкова, Э.Г.Габбасов, К.Е.Чебаков, М.В.Родина, Ю.М.Артемьев, Х.К.Кенжеғұлов енді. 1963 жылдың қыркүйек айының басында құрамында 30 оқытушы, оның ішінде төрт ғылым кандидаты – М.В.Родина, Х.К.Қапанов, А.А.Конкин, А.Я.Дзержинский бар 11 кафедра ұйымдастырылды.

Қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша: Ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне – 102, Ветеринария факультетіне – 100, Агрэоэкономикалық факультетке – 100 студент қабылданды. Күндізгі оқу бөлімінің бірінші курсына қабылданған студенттердің арасында орта арнаулы білімі барлар және ауылшаруашылық өндірісінде тәжірибе жинақтағандар, орта және жоғары буындағы колхоз, совхоздардың бұрынғы мамандандарының өкілдері де болды [2].

Алғашқы күндер, айлар мен жылдар институт қызметкерлері үшін қиын да сындарлы уақыт болды. Аудиториялар, оқу құралдары, оқулықтар жетіспеді. Сабактар екі ауысымда өткізілді, студенттер бір-бірінен бірнеше шақырым қашықтықта орналасқан оқу ғимараттарына барып оқуға тиіс болды. Ұйымдастыру мерзімінің қиыншылықтарына қарамастан институт ұжымы өздеріне жүктелген жауапты міндеттерді орындай алды.

Алғашқы кафедра меңгерушілері М.В.Родина, Х.К.Қапанов, А.Я.Бакалдин, Х.С.Сағынаев, А.Р.Пигорев, А.А.Қарасаев, И.А.Овеченко, А.М.Воронова, Ш.Х.Давлетъяровтар ұзақ жылдар бойы, тіпті кейбіреулері зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін жас ұрпаққа білім және тәрбие беріп, агроөнеркәсіптік кешен үшін мамандар даярлау жолында белсенді және өнімді еңбек етті. Бар күші мен денсаулықтарын аямастан еңбек еткен олар өздерінің өмірін жас жоғары оқу орнының қалыптасуы мен дамуына арнады.

Институттың 1964 жылдың 30 сәуіріндегі №48 бұйрығымен оқу тәрбие жұмысын жақсы ұйымдастырғаны және студенттерді лайықты даярлағандары үшін кафедра меңгерушілері Х.К.Қапанов, М.В.Родина, Н.Н.Пересветов, П.Н.Веремеенко, Н.Н.Жилтекова, факультет декандары Ю.М.Артемьевке(ветеринарлық факультет), Х.К.Кенжеғұловқа (ауылшаруашылығын механикаландыру факультеті), А.А.Конкинге (агрэоэкономика факультеті) алғыс жарияланды [3].

1964 жылдың мамыр айынан институтты Валентин Константинович Иконников басқарды. Университет ұжымы өзінің өмірінің ең жарқын жылдарын оқу орнының қалыптасуына арнаған оның есімін шынайы құрметпен және алғыс сезіммен еске алады. Оның табиғат берген ұйымдастырушылық таланты, үлкен қабілеттілігі, болашақты болжай білуі мен адамдарды таңдай білуі арқасында қысқа мерзім ішінде салауатты және ынтымақты ұжым қалыптастыруға қол жеткізілді.

1964 жылы оқытушылардан алғашқы болып Э.Т.Сатханов және Р.Х.Мясоутов кандидаттық диссертация қорғады. Институтты профессор-оқытушылар құрамымен жабдықтау кең көлемде жалғасты. 1965 жылдың қазан айында 4 факультет және 21 кафедра жасақталды. Бұл мерзімде институтта кадрлармен қамтамасыз етуде Орал педагогика институты мен Ресей Федерациясының көрші облыстарының жоғары оқу орындары көп көмек көрметті. Орал педагогика институтынан – У.Б.Қобланова, О.Ж.Раисов, Н.Н.Пересветов, Н.Б.Брындина, Н.П.Скачкова, Н.В.Михеева және т.б; Саратов жоғару оқу орындарынан – А.А.Антоненко, С.Ш.Жұбаев, А.М.Лытjakов,

Е.А.Молчанов, Ю.Я.Бенцлер, К.М.Дүйсекенов, Б.А.Лившиц, В.Б.Рябошкапов; Ленинградтан – Г.С.Зубков, Р.М.Рустенова.; Орынбордан – Г.А.Аверьянов, А.Я.Бакалдин, И.Е.Иванов, В.А.Михайлина, Л.Н.Солдатов; Қазаннан – А.Г.Юлдашев; Волгоградтан – И.М.Фетисов, В.П.Согуренко, И.И.Нефедов, В.К.Харин; Челябинскіден – А.И.Ивановтар шақырылды.

Кафедра мен зертханалардың құрал-жабдықтармен, оқулықтармен, жиһаздармен жабдықталуының қиындықтарына қарамастан, жас ұжым барлық істе түсінушілік пен белсенділік танытып, қалыптасу кезеңінің барлық қиындықтарын жеңе білді. Ұзақ жылдар бойы факультет декандары болып Р.Х.Мясоутов, Х.К.Кенжеғұлов, Г.С.Зубков, В.Н.Слесарев, М.М.Нұралиев, В.П.Согуренко, Ю.Я.Бенцлер, В.Ф.Рябошкапов, Ш.Б.Ермеқалиев, А.Р.Рустенов секілді доценттер барлық күш-жігерін аямай қызмет атқарды [3].

Жыл сайын күндізгі оқу бөліміндегі студенттер саны 300-ге, сырттай оқу бөліміндегі студенттер саны 350 адамға, оқытушылардың штат құрамы 30-35 бірлікке артып отырды. 1968 жылдың 1 қаңтарында институттың күндізгі оқу бөлімінде 1378 студент, сырттай оқу бөлімінде 1633 студент оқыды, 147 оқытушы жұмыс істеді, 125 оқу пәні бойынша сабақ жүргізілді. Сол жылы мамандардың алғашқы түлегі шығарылып, аймақтың ауыл шаруашылығы жоғары білімді 226 жас кадрмен толықты.

Студенттер контингентінің жыл сайынғы өсу жағдайында қала басшылығы бөлген жеке ғимарат оқу үдерісін жедел ұйымдастыру талаптарын қанағаттандыра алмады. Жаңа оқу ғимараттарын салу күн тәртібіндегі басты мәселеге айналды. Жобалау-іздеу жұмыстары 1964 жылы-ақ басталды. Ал 1967 жылдың күзінде Зачаганск ауылында ірі типтік жобадағы студенттер қалашығының құрылысы басталып кетті. Жобаның бас мердігері болып «Орынбор-Трансстрой» СМП-336 тресті (басқарушысы Ю.Д.Гутарев, бас инженер А.П.Лебедев, прораб И.А.Прытков, шебер О.Г.Чурусов) таңдап алынды. 1967 жылы СМП құрылысшылары мен БҚАШИ-дің құрылыс отрядтарының студенттері үшін үй, жатақхана, асханасымен жұмысшылар қалашығы салынды. 1968 жылы әрқайсысында 515 орындық №6 студенттер жатақханасы және 1969 жылы №5 студенттер жатақханасы пайдалануға берілді [1].

1966-1977 жылдары оқу ісі жөніндегі проректор болып, доцент Э.Т.Сатқанов қызмет атқарды. Э.Т.Сатқанов жоғары оқу орнының, педагогикалық ұжым мен студенттер контингентінің қалыптасуының ең қиын жылдарында оның қалыптасып, дамуына баға жетпес үлес қосты. Табиғатынан жоғары жауапкершілікті сезіне білетін Эмқанат Тарихұлы өзінің бар күш-жігері мен денсаулығын сарп етіп, оқу-әдістемелік үдерісті жүйелі ұйымдастырудың негізін қалады.

Жоғары білікті мамандар даярлаумен бірге институтты жиһаздармен және оқу-ғылыми құрал-жабдықтармен үнемі жабдықтау мәселесіне де жан-жақты көңіл бөлінді. Бұл жұмыстар және оқу ғимараттары мен орындарын ағымдағы жөндеу, қызмет көрсету жұмыстары институттың шаруашылық бөліміне жүктелді. Әр жылдары әкімшілік-шаруашылық жұмыстар жөніндегі проректорлар болып П.И.Кульпин, В.Н.Лещенко, В.П.Пивень, М.Е.Коневец, В.М.Ротнов, О.Г.Чурусов, П.Д.Тихомоловтар қызмет атқарды. Барлық міндеттерді институттың қамту бөлімі лайықты атқара білді.

Университет ұжымы кадрлар бөлімінің бастығы И.А.Оверченконы, әскери стол бастығы В.С.Шевчукты, іс жүргізу бөлімінің бастығы В.А.Большакованы оларға деген терең құрмет сезіммен еске алады. В.А.Большакова университет тарихында зор орын алған үш ректордың хатшы-референті ретінде көптеген жылдар бойы табысты еңбек етті. Олардың қызметтік міндетін атқарудағы айрықша қырлары-жауапкершілік, жоғары сауаттылық, парасаттылық, ұстамдылық, қызметкерлер мен келушілерге сыйлы

қарым-қатынас жасауы болып танылды. Кадрлар бөлімінің бастығы И.А.Оверченко өзінің негізгі қызметін түлектерді бөлумен және орналастырумен қоса атқарды, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, институт беделін көтерді [2].

Институт тарихындағы маңызды оқиға 1975 жылғы оқу ғимараттарының, жатаханаларының, тұрғын үйлердің және көмекші инфрақұрылымдары бар (кітапхана, спортзал, кафе-асхана, ветклиника және т.б) типтік жобадағы студенттер кешенінің берілуі болды. Бұл жоғарғы оқу орнын қалыптастыру тарихындағы оқу ордасының алғашқы басшыларының, қызметкерлері мен оқытушылардың қомақты, баға жетпес үлесі еді. Жылдар өте келе қалыптасу кезеңінен өткен Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институты жоғары ауыл шаруашылық білімі мен ғылымның ірі орталығына айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана: история и современность (1963-2008 гг.) – «Туран» МКТУ им. А.Ясауи, Туркестан, 2008. – 244 с.

2. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне 50 жыл: Жылдар. Тұлғалар. Жетістіктер (1963-2013) – Орал, 2013. – 346 б.

3. БҚАТУ тарихындағы тұлғалар – История ЗКАТУ в лицах: анықтамалық. – Орал, Жәңгір атындағы БҚАТУ РББ, 2013. – 168 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье исследуется история образования и деятельность ЗКСХИ

RESUME

This article explores the history of education and the activities of WKAI

ӘОЖ 323 (574)

Д.М. Құттыбаева, аға оқытушы

Г. Бәлдір, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҰЛТТЫҚ САНА – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аннотация

Мақалада ұлттық сананың мәні мен ұлт руханиятына тигізудегі маңызы қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлттық сана, рухани жаңғыру, ұлт, мәңгілік ел, патриотизм

Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние – ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған.